

## Ақжайық ауданы Қабыршақты ауылдық округі Первомай ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Қабыршақты ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 қарашадағы № 10 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қарашада № 4964 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңдарына сәйкес, Первомай ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Қабыршақты ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ақжайық ауданы Қабыршақты ауылдық округі Первомай ауылындағы кейбір көше атаулары:

- "Ю.Гагарин" көшесі – "Қазақстан-2050";
- "В.И.Чапаев" көшесі – "Келешек" көшесі;
- "Киров" көшесі – "Ынтымақ" көшесі;
- "1 ферма" көшесі – "Азаттық" көшесі деп қайта аталсын.

2. Қабыршақты ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Н.Кабжанова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қабыршақты ауылдық  
округінің әкімі

С.Бимаганбетов